

**«8D02314 –Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Байсыдық Индира Болатбекқызының «Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент филология ғылымдарының докторы, профессор Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының**

**ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері» тақырыбында орындалған диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған.</p> <p>1) Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы;</p> <p>2) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрсетілген міндеттерді шешуге бағытталған ҚР «Білім туралы» заңы.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс қазақ тіліндегі мінез атауларының мәдениеттанымдық тақырыптық топтары мен қазақ ұлтын танытатын тірек мінездердің тілдік репрезенттерін анықтауға бағытталған. Атап айтқанда:</p> <p>1. Қазақ халқының танымындағы жағымды/жағымсыз мінез атауларының тезаурусы алғаш рет құрастырылған.</p> <p>2. Ұлттық мінез бен қазақ мінез атаулары ажыратылған. Бұған дейін тек ұлттық мінез туралы қазақ философтарының талдаулары бар еді. Бұл жұмыста</p>

			<p>тек қазақ ұлтына тән мінез сипаттары мен белгілері ажыратылған.</p> <p>3. Тілдік фактілер арқылы тірек мінез атауларының санағы көрсетілген.</p> <p>4. Қазақ танымындағы «көркем» мінез жағымды/жағымсыз мінездерден жоғары тұратын аксиологиялық ұғым ретінде зерттелген. Қазақ мәдениетінде жағымсыз мінездердің басымдығы тілдік репрезенттердің көптігімен дәйектеліп, оның себебі ғылыми негізде дәлелденген.</p> <p>5. Зерттеудің ғылыми жаңалықтары лексикографиялық, лексикологиялық, лингвомәдениеттанымдық, бағытта қатар зерттелуінің аясында жүзеге асқан. Сондықтан диссертациялық жұмыс қазақ тілінің лингвомәдениеттану, лексикография саласын жетілдіруге, соның ішінде тезаурустық сөздік, синонимдер сөздігін, тақырыптық сөздіктерді құрастыруға елеулі үлес қосады, зерттеу жұмысы мағыналас ұғымдарды жинақтау, мінез атаулары арқылы өзге ұлттарға ұқсастығы мен айырмашылығын тануға, қазақ дискурсындағы мінез атауларының сөздігін құрастыруда дайын еңбек екендігін атап айтамыз.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертант И.Б.Байсыдықтың ғылыми жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі диссертацияның теориялық құрылымын жан-жақты меңгерген. Мінез белгілері жайлы зерттеулер, мәселен, психологиялық, аксиологиялық, философиялық, лексикалық, лингвомәдениеттанымдық ғылымдар тоғысы жеткілікті қамтылған және сүйенген материалдары дереккөздермен нақты дәйектелген. Диссертант академиялық жазуды жақсы меңгерген. Ғылыми ойды жүйелеуі, тілдік фактілермен</p>

			дәлелдеуі, ғылыми тұжырымдары бәрі – дәлелді. Жарияланымдары да диссертация мазмұнына толық сәйкес келеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Әдетте қоғамның өзгермелі даму барысында халықаралық, ұлтаралық, тұлғааралық қатынастардан адамның болмысы мен мінезі сөзсіз өзгереді. Осы орайда жалпыадамзаттық мінез, ұлттық мінез, қазақы мінездердің бір-біріне ықпалы болатынын және оның тілдегі өзгерісі мінез атауларының көбею, азаю, жойылу, толығу, алмасу құбылысына алып келетіні белгілі. Тілдік жүйедегі осындай өзгерістердің динамикасын адам мінезіне қатысты зерттеу өзекті әрі қажетті. Диссертанттың зерттеуінде қазақ дискурсында жағымсыз мінез атауларының көбеюі әлеуметтік қатынастағы шиеленістер мен қақтығыстардың салдарынан болатынын растауы, тілдің адамтанымдық, мәдениеттанымдық, әлеуметтанымдық қызметінің күшейгенін көрсетеді. Демек, диссертациялық жұмыстың қоғам сұранысындағы өзекті мәселенің ғылыми зерттелуіне қосқан үлесі жоғары деп қабылдау қажет.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының 2 тарауы өзара ішкі бірлікті сақтаған, екі тарауда да мінез атауларының зерттелуі эмпирикалық, гносеологиялық, салалық (лингвистикалық) реттілікпен жүйеленген. Бірінші тарауда мінез атауларына қатысты психологиялық, аксиологиялық зерттеулер мен тұжырымдар жіті талданып, зерттеушілер пікірі сараланып, ғылыми бағыттарына қарай топталып, нәтижесінде қазақы мінездің психологиялық сипаты, қазақ халқына тән</p>

			<p>темпераменттердің басымдығы және жақсы /жаман қырларының тілдегі көрініс талданған. Екінші тарауда қазақ тіліндегі мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері: тақырыптық топтары, мәдени-семантикалық мағынаның тілдік репрезенттері, жағымды/жағымсыз мінездердің санағы көрсетілген. Әрбір тірек концептілерді таңбалайтын мінез атаулары «көбінен азына қарай» түсіндіріліп, тезаурусы жасалған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>		<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Атап айтқанда: диссертант қазақ тіліндегі мінез атауларының тезаурусын жасап, лексика-семантикалық топтарға бөліп, тірек концептілерін анықтау арқылы мінез атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздерін анықтаған; мінездің психологиялық аспектісін талдап, лексикографиялық еңбектерден мінез атауларын жинаған. Қазақы мінездерді жағымды/жағымсыз топтарға іріктеген. Мінезді танытатын концептілердің тілдік репрезенттерін көрсеткен. Мінез атауларын тақырыптық топтарға жинақтаған. Варварлық сипатта енген мінез атауларының баламаларын анықтаған. Әрбір міндеттің нәтижесі жұмыста ғылыми тұжырымынан, ғылыми жаңалығынан айқын көрінеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>		<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Әр тараудың соңында зерттеу мен талдау нәтижелері қорытындыланған. Мінез атауы пәнаралық ұғым болғандықтан психология мен лингвистикадағы зерттеу кезеңдері мен тарихи реттілігі сақталған. Бірінші тарау мінез атауларын психологиялық тұрғыдан зерттеуге арналса, екінші</p>

			<p>тарау лингвомәдениеттанымдық зерттеуге бағытталған.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер: 1. Мінез атауларының тезаурусы құрастырған;</p> <p>2. Бірнеше мағынада қолданылатын мінез атауларының бастапқы мағынасына сыни талдау жүргізген;</p> <p>3. Мінез атауларының бойындағы денотатты, коннотатты мағыналарды анықтауда семантикалық және контент талдау әдістері қолданылған;</p> <p>4 Қазақы мінез бен ұлттық мінездің аражігін ажырататын қағидалар жаңа шешімдерді белгілеген;</p> <p>5 Мінез концептілерінің топтастырылуы жаңа шешім дейміз.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Нақтылай түссек:</p> <p>1. Қазақ тіліндегі мінез атауларының тезаурустық сөздігін құрастыруы жаңа. 2. Қазақ тілінде жағымды мінезді бірліктер концепт құрайды, ал жағымсыз мінезді атаулар лексика-семантикалық топ құрайтынын дәлелдеуі жаңа. 3. Жағымсыз мінез атауларының көптігіне теріс қылықты айта отырып, жақсылыққа көзін ашу тәрбиесін ұстанған қазақы дәстүрдің ықпалы басты себеп екенін дәлелдеуі жаңа. 4. Өзге ұлттар мен қазақтың мінезінде сәйкестіліктен гөрі сәйкессіздік басым екенін тілдік бірліктер мен оның мағынасы арқылы дәйектеуі жаңа.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Біріншіден, жағымды мінез атауларын көбінен азына қарай жіктеуі жаңа;</p> <p>Екіншіден, қазақы мінез бен ұлттық мінездің айырым белгілеріне қатысты ұстанымдары жаңа;</p>

			Үшіншіден, жағымды/жағымсыз мінездердің лексика-семантикалық топтастырылымы жаңа.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыстың нәтижесі ұлттық корпустың тақырыптық ішкорпустарын әзірлеуге, семантикалық метабелгіленімдерін жасауға үлес қосады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Біріншіден, қазіргі қоғамда кім, қандай адам деген сауалдың жиі қойылу себебі. Соған орай мінез атауларының көбеюі сияқты өзекті мәселелерді зерттеудің қорытындылары қазақ және өзге ұлт мәдениетін салыстыру дәйектемелерімен негізделген. Екіншіден, жалпыадамзаттық темперамент пен қазақ болмысына тән темпераменттің сипаты, жақсы/жаман жақтарын анықтау нәтижелері көркем мәтіндік мысалдармен дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <b>1) дәлелденді;</b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <b>2) жоқ</b> 7.3 Жаңа ма? <b>1) ия;</b> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <b>3) кең</b> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>1) ия;</b> 2) жоқ	1. Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденген. Себебі, дәлелдеуші мысалдар мен дәйекті деректер айқын; 2. Қорғауға ұсынылған қағидат тривиалды емес, себебі бірнеше ғылымдар тоғысында жаңаша зерттеу бағыты таңдалған; 3. Психо-мәдениеттанымдық зерттеуі жаңа; 4. Қорғауға ұсынылған қағидат жаңа, себебі бұрын-соңды жан-жақты анықталмаған мінез атауларының мағыналары ашылған, соның негізінде жаңа тезаурустық сөздік құрастырылған; 5. Қорғауға ұсынылған қағидаттың қолданылу аясы кең, себебі тілдің негізгі құрамдас бөлігі зерттеліп отыр;

			6. Қорғауға ұсынылған қағидаттар жарияланған мақалаларда насихатталған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған. Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми әдістер – лексикографиялау, түгендеу, сипаттау, лингвомәдениеттанымдық, концептуалды, лингвоаксиологиялық талдау әдістері және сауалнама әдісі мен статистикалық әдістері қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, байланыстар және заңдылықтар тілдік деректермен, атап айтқанда, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдермен және сауалнамамен дәлелденген, расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 103. Сондай-ақ жұмыстың нақты мәліметтерін растайтын Қосымша А және Қосымша Ә материалдары берілген. Диссертацияда ғылыми

			еңбектер теориялық негіздемесін растау үшін алынса, дәйекті деректерді растау үшін көркем шығармалардан мысалдар алынған және олар сілтемемен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b>	Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторлардың тақырыпқа қатысты еңбектері таңдалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b>	Зерттеу жұмысы тілдегі адам болмысына қатысты қалыптасқан білімдер жүйесін нақтылай түсіп, жазба тілдегі рухани мәдениет – мінез болмысының тілдік көрінісін айқындайды. Нақты тілдік ұжымның көрінісі – мінез атаулары арқылы қазақ мәдениетінің психологиялық аспектісін тануға, қазақы мінез қағидатын қалыптандыруға қатысты ұстанымдарды айқындауға негіз болады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ондағы пайымдаулар рухани мәдениет лексикасының негіздері мен ұстанымдарын нақтылай түсуге белгілі бір дәрежеде үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия;</b> <b>2) жоқ</b>	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар қазіргі кездегі атау теориясына, лингвомәдениеттану теориясына, қазақы және ұлттық мінез атауларының тақырыптық, лексика-семантикалық топтары мен мағыналас атауларының жүйесін нақтылауда өзіндік үлес қосады. Зерттеу материалдарының практикалық маңызы мынада: мінез атауларына қатысты талдау жұмыстарын ұйымдастыруда, лексикографиялық курстарда, мәтін стилистикасында, тілдік қатынас, мәтін лингвистикасы, ұлттық корпусстың ішкорпустарын құрастыруда, семантикалық белгіленімдерін қоюда, қазіргі қазақ тілінің лексикология, фразеология бойынша дәріс оқуда, курс жұмыстары мен диплом жұмыстары үшін пайдалануға болады. Зерттеу жұмысы қазіргі



			қазақ тілінің лексикографиялық жүйесін зерттеуде, лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілерін қалыптандыруда өзіндік үлес қосады. Сонымен қатар зерттеу материалдарын орта білім берудегі мұғалімдер, әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшілерінің оқушыларға мінездеме жазуында, оқушының тұлғалық сипатын беруде пайдалануына әбден болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі мінез атауларының тезаурусы алғаш рет құрастырылып отыр. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін аяқталған ғылыми жұмыс.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. - И.Б.Байсыдықтың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Себебі мінез атаулары тезаурусы қазақтың сөздік қорын толықтырушы қосалқы белгілерінің жүйесі екенін; қазақ дискурсында сөз мағынасын дұрыс қолдануда қажеттілікті өтейтінін көрсетеді.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Байсыдық Индира Болатбекқызының «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мінез сипаты атауларының лингвомәдениеттанымдық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы**



**Смағұлова Г.Н.**

